Бекітілді

Мектеп директоры

Р.Г.Абуов _____

«___»_____ 2021 жс

Тексерілді

МДТІЖ орынбасары

Ж.С.Мусипова _____

«13» «09» 2021 жс

«Абай атындағы №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ –нің бастауыш сынып мұғалімі

Абсалямова Динара Муратовнаның

4 - сыныбына арналған тәрбие жұмысының

күнтізбелік-тақырыптық жоспары

2021-2022 оқу жылы

Түсінік хат

Жалпы білім беретін «Абай атындағы №2 жалпы орта білім беретін» КММ-нің 4 - сыныбына 2021-2022 оқу жылына араналған тәрбие жұмысы жоспары оқушылармен өткізетін тәрбие жұмыстарының негізгі бағыттары, ата-аналармен жұмыс, балалармен құқықбұзушылықтың, үйрмелер мен секциялар жұмыстары, оқушылардың жазғы сауықтыру, демалысын ұйымдастыр, білім мекемелерінің тәрбие қызметін ұйымдастыру бойынша әлеуметтік серіктестігі деп аталатын бөлімдерді қамтиды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы «22» сәуірдегі № 227 ұйрығымен бекітілген тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері басшылыққа алынады: Олар

1. Қазақстан патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие;
2. Рухани - адамгершілік тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасы тәрбиесі;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем- эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты;

жоспар жоғарыда аталған тұжырымдаманы басшылыққа ала отырып құрылды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы, «қазақстан Республикасындағы балалар құқықтары», «Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңы, Қазақстан Республикасының азаматы ретінде білім алушыларды тәрбиелеудің тұтастығы жөніндегі мемлекет саясатының бағыты Қазақстан Республикасында этно- мәдени білім беру тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасында оқушыларға құқықтық білім беру тұжырымдамасында. Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің кешенді бағдарламасында, Қазақстан Республикасы азаматтарын патриотизмге тәрбиелеу бағдарламасында атап көрсетілген.

Тәрбие жұмысының жоспары мектептің тәрбие жұмысының мақсаты мен міндетін, тәрбиенің негізгі бағыттарын және оларды іске асыру шарттарын айқындайтын мектептің басты құжаттарының бірі болып табылады.

Мектепішілік тәрбие жұмысының әдістемелік тақырыбы:

Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан- жақты білімді, қабілетті жаңашыл тұлға қалыптастыру.

Сынып жетекшілер бірлестігінің әдістемелік тақырыбы:

Сынып жетекшілер өз білімін көтеру арқылы, сыныптағы тәрбие ұмыстарына жаңаша әдіс-тәсілдерді енгізіп, оқушыларды адамгершілікке, ел жандылыққа, шығармашылыққа, мәдениеттілікке, салауатты өмір салтын ұстаға және өз ұлтын, ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу.

Сынып жетекшісінің зерттеу тақырыбы

«Тәрбиедегі берілген бағыттарды қолдана отырып, Отанын, тілін сүюге, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білуге, тәртіптілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу».

4 - сыныптағы тәрбие жұмысының мақсаты:

- Мектеп ережесін түсіндіру, тәрбиенің алғашқы қағидаларын таныстыру;
- Сыныптағы тәрбие жұмысын жан-жақты ұйымдастыру;
- Болашақ қоғам мүддесі үшін еңбектене білетін, рухани ойлау дәрежесі биік, Отанын сүйгіш, еңбекқор, қабілетті адам даярлауға бағыттау.

Міндеттері:

- Дұрыс, әдемі сөйлеуге, ізетті болуға тәрбиелеу;
- Оқу-құрал, кітапты күтіп ұстауға, кешікпей, сабақтан қалмауға дағдыландыру;
- Оқушыларды адамгершілікке, инабаттылыққа тәрбиелеуге ықпал ететін тәрбие жұмысын құру;
- Оқушылардың қазіргі кездегі өмірге деген көзқарастарын мағыналы түрде аша білуге және кәсіби тұрғыда қажет маңызды тұлға болып жетілуіне ықпал ету;
- Оқушының кез-келген жұмыс барысында өзін-өзі көрсете алуына, қоғамдық жұмыстарға араласуына ықпал ету;
- Мемлекеттік рәміздерді құрметтей алатын, әдептілік ережесін, тыйым сөздерді білетін, отбасы ұғымының мағынасын түсіндіре алатын оқушы дайындау;
- Өз Отанын сүюге, құқықтары мен бостандықтарын сүюге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:
Көркем сөйлеуге, ізетті болуға үйренеді.
Ұқыптылыққа, жауапкершілікке дағдыланады.
Мемлекеттік рәміздерді сйлайды, әдептілікке үйренеді, тыйым сөздерден аулақ болуға,
Отбасын, үлкенді сыйлауды үйренеді.

Тәрбие жүйесінде басшылыққа алынатын құжаттар

2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы (әдістемелік нұсқау хат)
Бала құқығы жөніндегі конвенция
Азаматтардың еркіндігі және тәуелсіз елдердің біріккен конвенциясы
АҚТҚ/ЖҚТБ- ның алдын алу жайлы декларация

Тұжырымдамалар, бағдарламалар

ҚР- дағы білім беру мекемелерінің Тәрбие тұжырымдамасы
«Мәңгілік ел» идеясы
СӨС қалыптастыру және дұрыс тамақтану жайлы ҚР- сы Үкіметінің қаулысы
Жалпы білім беретін мектеп білім беруді дамыту бағдарламасы.

Қазақстан Республикасының заңдары

ҚР- ның Конституциясы
ҚР- ның «Білім туралы» заңы
ҚР- ның «Отбасы» заңы
ҚР- ның «Дене шынықтыру және спорт» жайлы заңы
ҚР- ның «Мейрам күндері» жайлы бағдарлама
ҚР- ның «Неке және отбасы» туралы заңы
ҚР- ның «Бала құқығы туралы» заңы
ҚР- ның «Тіл туралы» заңы
ҚР- ның «Мемлекеттік жастар саясаты» туралы заңы
ҚР- ның «Азаматтардың денсаулығын қорғау» туралы заңы
ҚР- ның «Кәмелеттік толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңы

Тәрбиенің 8 бағытының мақсаттары

№	Тәрбие бағыттарының атауы	Мақсаттары	Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):	Іске асыру механизмі
1	Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру	Отанға, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға; ҚР Конституциясы мен заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, әнұран, ту), құқықтық тәртіпке; елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімге, халықтар достығына; өз елінің экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы жетістіктеріне; басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына; өз өлкесінің (ауыл, қала, шағын аудан) табиғатына, мәдени-тарихи өміріне; құқықтық білімге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқына; заң талаптарына, құқықтары мен міндеттеріне; әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мақтаныш сезімін және жауапкершілік таныту.	Сабақтар,оқу пәндері, сабақтан тыс іс-әрекеттер, қосымша білім беру. АРБ бағдарламасы аясында ерлік, намыс және абырой, Отанға адал қызмет ету тағылымдарын өткізу. Дебат және пікірталас клубтарын ұйымдастыру. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікке үндеген патриоттық форумдар, акциялар. Оқушылардың мемлекеттілік нышандарын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін білуге арналған байқаулар мен олимпиадалар. Қазақ халқының, Қазақстанда тұратын басқа да этностардың мәдени мұрасын, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын зерттеу бойынша өлкетану экспедициялары. Мемлекет, әдебиет, өнер, ғылым қайраткерлерімен, соғыс және еңбек ардагерлерімен, қоғам қайраткерлерімен, құқық қорғау, әділет органдары, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдары қызметкерлерімен кездесулер. Балалардың және жастардың бастамашыл жобаларын дамыту. Балалар және жастар қозғалысы қызметін; қоғамдық қорлармен бірлескен қызметті жандандыру; әңгімелер, дәрістер, семинарлар, тренингтер; саяхаттар; ақпараттық-құқықтық материалдар

				тарату; «сенім қызметтерін», «Мен және заң», «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз – қоғам мүддесіне деген опасыздыққа қарсымыз» акциясын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.
2	**Рухани-адамгершілік тәрбие**	Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру	Мораль мен этиканың көпшілік мақұлдаған нормаларына; өзінің қасиетіне, арына және парызына; ішкі бостандығына және адамгершілік шешім қабылдауына;өзінің және өзге де халықтардың мәдениетіне, дәстүріне, әдет ғұрпына; діни құндылықтарға; ой, сөз және іс бірлігіне; өзінің мінез-құлқын жетілдіруге; ар-ұжданымен орындалған қылықтарға; түрлі мәдениет пен нанымның бірлігіне; адамдарға риясыз қызмет етуіне;өз ата-анасы, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім білдіру	Оқу пәндері мазмұнына құндылықтарды кіріктіру арқылы оқытудың тәрбиелік әлеуетін күшейту; педагогикалық консилиумдар, ата-аналар институты; «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани тәрбие бағдарламасының метапәндік және тәрбиелік рөлін күшейту, рухани-адамгершілік тәрбие тұрғысынан қосымша білім беру жүйесінің мүмкіндіктерін кеңейту арқылы жүзеге асырылады.
3	**Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**	Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту	Мемлекеттің экологиялық даму саласы бойынша саясатына, атап айтқанда «Жасыл экономика» бағдарламасына; экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, қоршаған адамдарға және өзіне; «адам-қоғам-табиғат» жүйесіне; табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы әр түрлі қызметке;	Сабақтар, оқу пәндері, қосымша білім беру, туған өлкеге жасаған экспедициялар, туристік жорықтар, сенбіліктер, мектепті, ауданды, қаланы көгалдандыру мен абаттандыру, жасыл желек отырғызу, «Жасыл ел» қозғалысы және «Өзін-өзі тану» АРБ бағдарламасы аясында волонтерлық қозғалыстар, экологиялық форумдар, ғылыми экологиялық жобалар, табиғат зоналарын қоқыстан тазартуға қатысу.

			кәсіби білім мен өнімді еңбекке; нарықтық экономика заңдарына құнтты және позитивті көзқарас қалыптастыру;экологиялық қауіпсіздік тәртібінің нормаларын сақтауға; еңбек қызметінде мақсатқа қол жеткізуге; мамандық таңдауына;үздіксіз білім негізінде кәсіби жинақылыққа саналы қатынас таныту	Технология сабақтарындағы еңбек тәрбиесі, қосымша білім беру, мектептен тыс, сабақтан тыс іс-әрекеттер; кәсіпорындарға саяхаттар, тәлімгерлермен, жаңашылдармен, табысты кәсіпқорлармен кездесулер, тәлімгерлік, дуальдық білім беру, кәсіби шеберлік байқаулары, студенттердің құрылыс және педагогикалық отрядтары; «Өмірді және мансапты жоспарлау», «Кәсіби сынамалар» жобаларын іске асыру; «Технология» пәнінің, оқу шеберханалары мен зертханалардың материалдық-техникалық базасын нығайту арқылы жүзеге асырылады.
4	**Отбасы тәрбиесі**	Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру	Этноәлеуметтік рөлдерге; өз отбасына және ұрпақ жалғастыруға; адамгершілік қағидаларын қолдау арқылы отбасы және неке құндылықтарына құрметпен, ұқыпты қарау	Білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңестері және ата-аналар комитеті; Репродуктив денсаулық орталықтары, мамандар кеңесін және бірлескен отбасылық іс-шаралар өткізу; «Өзін-өзі тану» АРБ бағдарламасы аясындаата-аналарды оқыту, жасөспірімдер мен бойжеткендердің жүріс-тұрыс мәдениеті туралы жастармен әңгімелер жүргізу, жоғары сынып оқушылары мен ЖОО студенттері үшін «Отбасылық өмір этикасы» элективкурсын кіргізу; ата-аналардың мектеп өміріне қатысуы; әкелер, әжелер клубтары; ақсақалдар алқасы; мемлекеттік тапсырыс бойынша ата-аналардың психологиялық-педагогикалық жаппай оқуы; мемлекеттік емес ұйымдармен ынтымақтастық; аула клубтарының жұмыстарын қалпына келтіру; балалар мен жастардың қосымша білім беру нысандарына ақысыз негізде қол жеткізуін

				ұйымдастыру; элективті курстар, фестивальдер, байқаулар, «Менің отбасым», «Жыл отбасы» жарыстары арқылы жүзеге асырылады
5	**Ұлттық тәрбие**	Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау	Этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке; мемлекеттік тілді және ана тілін меңгеруіне, өз халқының мәдени мұрасына; қазақ халқының және өз халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрпына;Қазақстанныңэтно-мәдениетіне;этносаралық бейбітшілік пен келісімге мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту.	Сабақтар, оқу пәндерінде, қосымша білім беруде, сабақтан тыс іс-әрекеттерте жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды кіріктіру Этнопедагогика кабинеттерінің қызметі; «Мәңгілік Ел» жобасы аясында акциялар, ҚР Елтаңбасы, Туы мен Гимнін, мемлекеттік тілді, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, Қазақстан тарихын білу бойынша фестивальдер және байқаулар өткізу; өлкетану жұмыстары және т.б. арқылы жүзеге асырылады.
6	**Зияткерлік тәрбие, ақпаратты қ мәдениет тәрбиесі**	Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру	Өмір бойы білім алуына; өздігімен білім алуы және алған ақпаратты пайдалану біліктілігіне; сыни тұрғыдан ойлау, талдау және алған ақпаратты тиімді пайдалану қабілетіне; зерттеушілік және жобалық қызмет біліктерін, инновацияға қабілеттілікті меңгеруіне; пікірталасжүргізудағдыларына; жасампаз қызметке; топтағы жұмысқа, корпоративтік рухты нығайтуға; ақпарат көздерін сыни іріктеуге; Интернет-қауымдастығына қосылу дәрежесіне;	Сабақтар, оқу пәндері, электив курстар, қызығушылығы бойынша үйірмелер және сабақтар, мектептік және желілік дебат турнирлері, балалармен және жастармен бірлескен жобалық жұмыстар; сабақтан тыс қызметтер, балалар мен жастар бірлестіктеріндегі қызмет, түрлі деңгейдегі бірге басқару органдарына қатысу, қосымша білім беру, жаратылыстануғылыми және гуманитарлық циклдары пәндерінің «Өзін-өзі тану» пәнімен кіріктіру, «Физика жүрек үнімен», «Математика рухани-адамгершілікзаңдары туралы ғылым ретінде», «Тарихтың адамгершілік тағылымдары», «Ақпараттық мәдениет негіздері» және т.б. элективті курстар жүргізу. Зияткерлік

			Интернеттегі девиантты мінез-құлыққа қарсылық білдіру; Интернет-сауаттылық қалыптастыруға; ақпараттық қызметте және байланыс жасауда этикалық нормаларға; жоғары ақпараттық мәдениет қалыптастыруға ұмтылу және қызығушылық білдіру	ойындар, байқаулар, тренингтер, викториналар, олимпиадалар, ғылыми-практикалық конференциялар. Дарынды мамандармен және замандастарымен кездесулер, рефераттар, ғылыми-зерттеу, ғылыми-тақырыптық ақпараттық жобалар, шығармашылық жұмыстар, баяндамалар, мәлімдемелер, мектептік және студенттік медиа-орталықтар, бұқаралық ақпарат құралдары, сайттар, кітапханаларды дәріптеу. Психометриялық және социометриялық тесттер мен әдістемелер; көшбасшылықты дамыту жөніндегі бағдарламалар және т.б. арқылы жүзеге асырылады.
7	**Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие**	тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру	Толеранттық және ғаламдық пікірге; көпмәдениеттілік және көптілділікке; мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын және өзге тілдерді білу; мәдениетаралық әрекетке; қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларына; қарым-қатынас мәдениетіне; эстетикалық мұраттарға, көркемөнер құндылықтарына; шығармашылықпен ойлауға және қиялға, шығармашылық-эстетикалық қызметті қалыптастыруға қызығушылық, ұмтылыс таныту	Сабақтар, жалпыадамзаттық құндылықтар бірлігін барлық мәдениеттен айқындауда «Өзін-өзі тану» АРБ бағдарламасын кіріктіру, жастарда мәдениеттер мен халықтардың алуан түрлі бірлігін көру біліктілігін дамыту. Үйірмелер, әдеби клубтар және т.б.; театрларға, мұражайларға, көркемсурет көрмелеріне, галереяларға, тарихи орындарға саяхаттар; шығармашылық кештер, оқушылар жұмысының көрмелері, байқаулар; белгілі тұлғалармен, өнер қайраткерлерімен және т.б.кездесулер; Қазақстан халқы Ассамблеясымен және этномәдени орталықтармен ынтымақтастық; білім беру ұйымдарында Қазақстан халқы Кіші Ассамблеяларын құру арқылы жүзеге асырылады.

8	**Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**	Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату	Денсаулық жағдайының скринингіне; әлеуметтік мақсаттар мен рухани қажеттіліктерге; теріс ықпалдарға қарсы тұрудың тиімді тәсілдерін меңгеруге; табиғи қабілеттерді орынды пайдалануға; денсаулық сақтауға және нығайтуға, қауіпсіз және жауапты мінез-құлыққа; өмірдегі жаңа жағдайларға сабырлылыққа; қауіпсіздік және өмір сүру әрекетін қамтамасыз етуге;денсаулық сақтау ортасын құруға тілегі және даярлық білдіру	Сабақтар, дене тәрбиесі сабағы, оқу пәндері, қосымша білім беру, спорттық секциялар мен үйірмелер, «Өзін-өзі тану» АРБ бағдарламасы аясында репродуктив денсаулық, нашақорлық, маскүнемдік, темекі тарту және АҚТҚ алдын алу және салауатты өмір салты негіздері бойынша ақпараттық-ағарту курстар, семинар-тренингтер; денсаулық фестивальдерін, спартакиадалар, қауіпсіздік бағдарларын өткізу; ақпараттық-диагностикалық материалдар дайындау және тарату; «сенім қызметтерін» ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады

4-сынып бойынша жолда жүру ережесі дүниетану пәніне кіріктірілді

№ р/с	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1	Білім алушыларға көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ережелері	1
2	Реттелмейтін жол қиылыстары	1
3	Реттеуші және оның белгілері	1
4	Трамвайда көліктің басқа да түрлерінде сапарға шығу	1
5	Мектепке жол (сенің күнделікті бағытың)	1
6	Қорытынды сабақ	1
	Барлығы	6

4-сынып бойынша «Өмір қауіпсіздігі негіздері» сынып сағатына кіріктірілді

Бөлім атаулары және тақырыптары	Сағат саны
1. «Қауіпсіздік және адамды қорғау»	**4**
1.1 Жолаушылар мен жаяу жүргіншілер. Жолда жүру ережелері	1
1.2 Мен велосипедшімін. Роликпен, скейтборпен сырғанау кезінде жарақаттанудың алдын-алу	1
1.3 Табиғаттағы қауіпті жағдайлар: жаңбыр, найзағай, қар жауы. Табиғат аясында демалу кезіндегі қауіпсіздік	1
1.4 Су қоймаларында қауіпсіз жүру ережелері.	1
2. «Денсаулық негіздері және салауатты өмір салты»	**2**
2.1 Аурулар, олардың себептері, өмір салтымен байланысы	1
2.2 Таза ауа, оның адам денсаулығы үшін маңызы	1
БАРЛЫҒЫ	**6**

«Абай атындағы №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2021-2022 оқу жылындағы
4-сыныптың тәрбие жұмысының жылдық жоспары

Кешенді бағдарламаның бағыты	Іс-шара тақырыбы	Мақсаты	Өткізу сдіс-тәсілі	Уақыты
Қазақстандық патриотизм және тәрбие;	«Тәуелсіздік жетістіктері » Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл	Ел тәуелсіздігіміздің жиырма жылдығына орай оқушыларға Конституцияның сипаты, маңызы туралы түсінік беру. Ата заңның қалыптасу тарихының кезеңдері және оның ерекшеліктері туралы білімдерін тереңдету. Ұлттық болмысымызды бейнелеген заңдық қағидалар мен өркениеттік Заңдық ережелерді бойларына сіңіру және Ата заңымызды құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу.	Тәрбие сағаты Білім күні	02.09.21ж
Отбасы тәрбиесі;	«Отбасы-бақыт аясы» **ӨҚН** Жолаушылар мен жаяу жүргіншілер. Жолда жүру ережелері	Мақсаты: бала тәрбиесіндегі ата - ананың алатын орны ерекше екенді-гін түсіндіру. Отбасы мүшелері арасындағы бауырмалдық, достық қарым - қатынасты қалыптастыру, отбасы мемлекетіміздің бір бөлшегі екенін ұғындырып, оқушыларды ынтымақ пен ұжымдыққа тәрбиелеу.	Онлайын құттықтау дайындау	09.09.21ж

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	Короновирустан сақтану жолдары	2. Вирустан сақтану жолдарының негізгі мүмкіндіктерін үйрету	Деңгелек үстел мектеп медбикесімен кездесу	16.09.21ж
Көпмәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие;	«Тіл-татулық тірегі»	Әр баланың жеке қабілетін анықтау. Әдеби тіл нормаларын игерту. Өнер арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.	Сынып сағаты	23.09.21ж
Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі;	«Қарттарым аман сау жүрші»	*Жас жеткіншектердің бойына үлкенді сыйлап,тыңдай білуге,халқының салт -дәстүрін дәріптеп,инабаттылық пен мейірімділік ұасиеттерге тәрбиеленеді*	Сынып сағаты	30.09.21ж
Рухани – адамгершілік тәрбие;	«Ардақтайық ұстазды»	Оқушыларға ұстаз—екінші ана екендігін түсіндіру.Мерекелерімен құттықтау.Танымдық қабілетін арттыру.Мұғаліммен оқушы арасындағы байланысты нығайту.Айналасына білім,тәрбие ұрығын шашып,адамгершілік нұрын төгетін	Сынып сағаты	07.10.21ж
Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие;	Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл!!!	Оқушыларды Ұлы ақынның балалық және жастық шағы, өскен ортасымен таныстыру. Ақындығы мен композиторлығын таныту. Ы.Алтынсариннің шығармашылығын сүйіп оқуға, өмірін, қасиеттерін үлгі ете отырып, білім-ғылымға құмарлығын арттыру. Жас ұрпақты Абай шығармашылығын танып өсуге тәрбиелеу.	Сынып сағаты	14.10.21ж
Отбасы тәрбиесі;	*«Берекелі алтын күз»* ***ӨҚН*** Мен велосипедшімін.	Балалардың қоршаған ортаға деген көзқарастарын қалыптастырып, табиғатты сүюге, қамқор болуға үйрету. Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезіне	Сынып сағаты	21.10.21ж

	Роликпен, скейборпен сырғануа кезінде жарақатанудың алдын алу	білуге үйрету. Мерекеге сай безендірілген залдың сахнасында «Берекелі алтын күз!» тақырыбы түрлі түсті жапырақпен әшекейленеді. Музыка әуенімен ортаға жүргізуші шығады.		
Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі;	«Ауырып ем іздегенше ауырмайтын жол ізде»	Оқушыларды өз денсаулығына күтім жасай білуге тәрбиелеу, гигиеналық тазалығын сақтауын қалыптастыру, зиянды заттардың ағзаға тигізетін әсерін түсіндіру.Екпе алудың маңыздылығын ұғындыру. “Денсаулық” құндылығы туралы түсініктерін кеңейту.	Сынып сағаты	28.10.21ж
Ұлттық тәрбие;	«Теңге-Тәуелсіз Қазақстанның белгісі»	Оқушыларды тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі теңгемен таныстыру,төл теңгеміздің шығу тарихы, айналымға ену кезі туралы мағлұматтар беру. Қазіргі нарықтық экономика жағдайындағы іс-әрекеттерді реттеуге үйрету; экономикалық терминдермен таныстыру,өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру. Оқушылардың бойына елімізге ыстық сүйіспеншілікті, мақтанышты сіңірту, үнемділікке, барды қадірлеуге баулу, ақпараттық жүйелерді пайдалануды үйрету, тілді құрметтеуге баулу.	Сынып сағаты	11.11.21ж
Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие;	1 – желтоқсан Қазақстан Республикасының Президент күні	Оқушыларды Елбасына деген құрмет сезімдерін оятуға,Отанды сүюге,құрметтеп қастерлеуге,өз елін,тегін тарихын білуге тәрбиелеу.	Сынып сағаты	18.11.21ж
Қазақстандық	Жамбыл Жабаевтың	Ж.Жабаевтың өлеңдерінің мазмұнын, тақырыбы	Сынып	25.11.21ж

патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие;	175 жылдығы «Жыр алыбы – Жамбыл»	мен негізгі ойын меңгерте отырып, олардың бойында қазақ халқына, қазақ тіліне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру, оларға эстетикалық, патриоттық тәрбие беру.	сағаты	
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;	*«Еңбек-өмірдің тұтқасы, тіршіліктің көзі»*	Оқушыларға еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті деген сөздің мән мағынасын ашып түсіндіру мен қатар еңбекке тәрбиелеу.	Сынып сағаты	02.12.21ж
Рухани – адамгершілік тәрбие	Тәуелсіздік – тендесі жоқ байлығым» **ӨҚН** *Табиғаттағы қауіпті жағдайлар: жаңбыр, найзағай, қар жаууы. Табиғат аясында демалу кезіндегі қауіпсіздік*	Қазақстан Республикасының жеткен жетістіктері туралы оқушылардың білгендерін ортаға салу. Оқушыларды туған жерін, елін, Отанын сүюге қорғауға, сақтауға құрметтеуге тәрбиелеу.	Сынып сағаты	09.12.21ж
Көпмәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие;	«Жаңа жылдың жарқырайды шамдары»	Оқушыларға жаңа жыл мерекесі туралы тереңірек түсінік беру.	Сынып сағаты	23.12.21ж
Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі;	«Қазақ ертегілеріне» саяхат	Оқушылардың қазақ ертегілеріне қызығушылығын арттырып, білімқұмарлыққа баулу, шапшаңдыққа, жинақылыққа, еңбеккорлыққа, кейіпкерлердің жақсы, жаман қасиеттерін ажырата білуге үйрету.	Сынып сағаты	30.12.21ж

Ұлттық тәрбие;	«Халықтар достығы еліміздің тыныштығы»	Әр ұлт адамдарын сыйлауға, бауырмал болуға тәрбиелеу	Сынып сағаты	13.01.22ж
Көпмәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие;	«Кім боламын» **ӨҚН** Су қоймаларында қауіпсіз жүру ережелері	Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп,қызығушылықтарын арттыру.Мың түрлі мамандықтар туралы түсінік қалыптастыру	Сынып сағаты	20.01.22ж
Рухани – адамгершілік тәрбие;	Үлкенге құрмет, кішіге қызмет	Оқушыларды жаман әдеттен аулақ болуға, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға үйрету.	Сынып сағаты	27.01.22ж
1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие;	«Ауғанның отты жылдары»	Ауған соғысының ардагерлерін құрметтеу, жас ұрпақтың патриоттық сезімдерін оятуға ықпал ету.	Ауған ардагерлерімен кездесу	03.02.22ж
Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі;	«Отбасы шағын қоғам»	Отбасы мүшелерінің құқығы мен міндеттері жайлы айта отырып, іс-әрекеттері үшін жауап беру туысына қамқор болу сияқты дағдыларды қалыптастыру.	Сынып сағаты	10.02.22ж
Ұлттық тәрбие;	«Қайырымды көршіме рахмет »	Оқушыларға қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының тәрбиелік мәнін ұғындыру, оқушылардың бойына адамгершілік, имандылық қасиеттерін қалыптастыру, халық өнегесін үйрету.	Сынып сағаты	17.02.22ж
Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі;	«Бар әлемді бас идірген аналар» **ӨҚН** Аурулар,	**Мақсаты**: Анаға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру, Ананы құрметтеу, сыйлай білуге, оқушылар бойындағы жеке қабілеттерімен	Сынып сағаты	24.02.22ж

	олардың себептері, өмір салтымен байланысы	таланттарын дамыту, адамгершілікке, ізгілікке, достықты кастерлей білуге тәрбиелеу.		
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;	*«Қыс қызығы»*	Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту. Өзіне тән ерекшеліктерін ажырата білуге, өз ойын толық жеткізе білуге үйрету. Қысқы ойындарға қажетті құралдарды атау. Табиғатты аялауға, әсемдікті сезініп, көре білуге тәрбиелеу.	Сынып сағаты	03.03.22ж
Рухани – адамгершілік тәрбие;	«Ұлыс оң болсын!»	Наурыз мейрамы туралы түсінік беру. Балалардың ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту. Грамматикалық талғада жүйелі сөйлеуге, мерекелік көңілін көтеру, елге деген сүйіспеншілікпен бірге, салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.	Тәрбие сағаты	10.03.22ж
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Кәсіптік мамандықтар сыр шертеді»	Оқушыларға мамандық таңдау, олардың негізгі түрлері, мамандықтар тобы, кластары, таңдау әдістері туралы білімдерін қалыптастыру	Сынып сағаты	17.03.22ж
Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие;	«Мен ғарышкерлермен мақтанам»	1.Оқушыларға ғарыш әлемі туралы түсінік бере отырып, алғаш самғаған әлемдік және қазақтандық ғарышкерлер туралы мағлұмат беру. 2.Ғарыш әлеміне деген қызығушылық және танымдық қабілетін арттыру. 3. Оқушылардың патриоттық сезімін ояту.	Кездесу кеші	07.04.22ж

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі;	Алдымен сүй, ардакта ата-анаңды	Бала бойына осы тәрбие сағаты арқылы сүйіспеншілікті, жылылықты ұялату. Ата-анасын құрмет тұтып, адал да парасатты ұл мен қыздары болуға тәрбиелеу. ә) Ата-ана берген жақсы тәрбиелерін нәтижелі етуге уағыздау.	Сайыс	14.04.22ж
Көпмәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие;	Бірлігіміз жарасқан	Көп ұлтты халықтардың салт-дәстүрін бағалай білуге тәрбиелеу	Тәрбие сағаты	21.04.22ж
Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие;	«Жеңіс туы желбіре»	Оқушыларды адамгершілікке, отанын сүюге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Оқушыларды Ұлы Отан соғысымен, қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой-өрісін дамыту. Оқушыларды үлкен адамдарды сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тәрбиелеу.	Тәрбие сағаты	28.04.22ж
Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі;	«Менің отбасым» **ӨҚН** Таза ауа, оның адам денсаулығы үшін маңызы	Отбасымен толық таныстыру, отбасын құрметтеуге, сыйлай білуге тәрбиелеу	Сурет байқауы	05.05.22ж
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты;	«Салауатты өмір салтын сақтайық»	Оқушылардың денсаулықтарын сақтау,салауатты өмір салтын қалыптастыру.	Сынып сағаты	12.05.22ж